Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 126

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚУАТ ҮНЕМДЕГІШ СӘУЛЕТТІК ШЕШІМІ

Жұмабекова А.

Қоғамның дамуына білім беру жүйесі үлкен рөл атқарады, себебі мәдениет және инновациялардың дамуының кепілі болып табылады. Адам ресурстарының сапасын жақсарту, IQ деңгейінің орташа көрсеткіштерін жоғарылату және шығармашылық зерттеулерге қызығушылықты жақсарту қоғамның алға жылжуына әкеледі және жаңа жобалық шешімдерді жүзеге асырады.

Психологтардың пайымдауы бойынша, күнделікті табиғатпен, қызықты айналамен беттесу, балалардың биологиялық белсенділігін, жағымды эмоцияларын іске қосады, ақыл-ойының және дене саулығын жоғарылатады. Мектеп ғимараты немесе кешені сәулетінің бағыттарының бірі табиғатпен берік бірлік, ғимарат және табиғат арасындағы өзара енушілік болуы шарт. Өзара енушілік тек көлемнің табиғатқа сырттай ену әсері ғана болып қоймай, интерьердің және бүкіл ғимарат кешенінің іштей табиғатпен қоса табиғат элементтерінің интерьерге таралуы қажет.

Мектеп кеңістігіне назар аудару аса маңызды, әдетте ол біркелкі және типтендірген болып келеді. Бұл психосоматикалық жайлылық және шығармашылық мүмкіндіктерді кемітеді. Сондықтан Құрылыс Ережелерін сақтау жеткіліксіз, сәулеттік кеңістіктің табиғат ортасымен бірігуі қажет. Осыған байланысты XXI ғасырда қуаттиімділігі жоғары экологиялылық мектептердің көрнекті мысалы ретінде Австралиядағы Бангхольм қ. Әулие Леонардтың Даму Орталығы және Колледжі саналады. Мектептің сәулеттік жоспарлау және құрылымдық шешімі кешенді амалда, өзін өзі демейтін тұрақты өмірлік ортаға ұмтылыста негізделген. Мектеп ғимараты білім жүйесінің дамуы тұжырымдамасын бейнелейтін, 4 қағида бойынша қаланған: адам денсаулығын жақсарту және ресурстарды оңтайлы қолдануы; мәдениет және қоғамды ғылымның синэргетикасы негізінде дамытуы; табиғатқа ауыртпалықты азайту; қоғамдық және инжинерлік инфраструктураны дамыту, өмірлік ортаны белсенділендіру. Мектеп табиғат ортасының қайта құрылу әдісін зерттейтін тәжірибелік модель болып табылады. Нысанның тұрақты мінездемесіне байланысты атап кету қажет: Аустралияның ыстық климатына қолайлы, солтүстікке бағытталған терезелерін, жел және күн энергияларын пайдалану, табиғи аэрация және тура вентиляция, күн сәулелері арқылы жылытылатын су, жоғарытехнологиялық өңдеуден, компьютерлік қадағалаудан өткен материалдар, энергетикалық қондырғылар және автоматтандырылған жүйелер.

Заманауи экологиялы мектептер үшін энергоүнемдік сәулеттік, жоғарытехнологиялық инжинерлік шешімдер, табиғи ландшафтпен өзара бірігуі маңызды рөл атқарады. Сәулет және табиғи ортамен синтез жағдайында бұл дені сау және қабілетті ұрпақты тәрбиелеуге және нәтижелі және икемді білім жүйесін қалптастыруға, табиғатты сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Жетекші: сәулет өнерінің кандидаты Ш.Т. Абдыкаримова